

Көруге ұсынылатын фильмдер тізімі

№	Фильмнің атауы	Қысқаша сипаттамасы	Сайттарға сілтемелер			
			 YouTube			 өзге сайттар
1	Томирис	"Томирис" ұлы даланың аты аңызға айналған Томирис патшайымы туралы фильм. Фильмде кішкентай қыздан айбынды жауынгерге айналған, жақындарынан айрылып, сатқындардан өшін алған және сақ тайпаларын өз билігі астында біріктірген арудың тағдыры баяндалады. Ол махаббат пен өз халқының тәуелсіздігі үшін сол замандағы ең қияметті соғыста Парсы империясының патшасы Кирмен шайқасады.	Сілтеме			Сілтеме немесе орысша Ссылка
2	Домалақ ана	Ел арасында ақылымен көзге түскен Нұрила – Домалақ Ана атанады. Фильм барысында қазақтың салт-дәстүрлері, тұрмысы, Бәйдібектің өмірі, Нұриламен байланысты көрсетіледі. Бәйдібектің өзі де атақты бай, аузы дуалы би, батыр болған. Бәйдібектің ел басқару ісінде Нұриланьң да ақылы әр кез көмектесіп, дұрыс шешім шығаруға ықпал етіп отырған. Фильмде осы жәйттердің бәрі де көркем суреттеліп көрсетіледі.	Сілтеме	Сілтеме		
3	Орбұлақ шайқасы	1643 жылы Орбұлақ маңында жаудың 50 мыңдық қолына төтеп берген 600 қазақ сарбазы туралы тарихи туынды.	Сілтеме	Сілтеме		
4	Әл-Фараби	Телехикаяда ғұлама ұстаз Әбу Насыр әл-Фарабидің бала кезінен бастап, күллі әлемге танылғанға дейінгі өмірі суреттеледі. Мақсаты - ұлы ұстазды кеңінен насихаттап, оның білімімен көрерменді сусындату	Сілтеме	Сілтеме		
5	Дулати	Ұлы далада әмірші болған текті әулеттің ұрпағының сан-қилы тағдыры арқылы әлемдік тарихқа ықпал еткен ұлы тұлғаны насихаттайтын «Дулати» телехикаясы XV-XVI ғасырлардағы Оңтүстік және Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын, қалалық және егіншілік мәдениетін сипаттайды. Сондай-ақ Дулатидің «Тарихи Рашиди» атты еңбегін жазу барысындағы елеулі оқиғалар сюжеттік желіге кіріп отырады.	Сілтеме		Сілтеме	
6	Отырардың күйреуі	Ежелгі Отырар қазақ өркениетінің бесігі болған. XIII ғасырдың басында қаланы сол кезде 64 жаста болған Шыңғыс ханның әскері жаулап алады. Шыңғыс хан жасақтарына жасырын барлаушы болып енген ержүрек Инжу батыр жеті жыл ішінде құлдықтан мыңбасына дейін көтеріліп, соғыстың қыр-сырын меңгеріп алады. Шыңғыс ханның Орталық Азияға өз әскерін жіберу туралы шешім қабылдағанын білген Инжу Хорезм хандығына келе жатқан қауіп туралы хабарлауға асығады.	Сілтеме			
			Сілтеме			
7	Төле би	«Төле би» тарихи ғұмырнамалық сериалда Төле бидің дүние есігін ашқан сәтінен бастап, ер жетіп, ел басқарған мемлекет және қоғам қайраткеріне дейін жүріп өткен жолы бейнеленеді. Төле бидің өмірі мен қазақтың тарихы бірге өріліп отырады. Төле бидің өмірі арқылы сол кездегі қазақ хандығының, қазақ өмірінің тағдырын бейнеленеді. Тарихи фильмге 10-ға жуық ғылыми зерттеудің нәтижесі арқау. 10 серия ұлы жүздің бас биі төрелік еткен ең жарқын деген 10 тарихи сәтті суреттейді. Фильм Төле бидің қазылық қырынан бөлек, батырлығын, шешендігін, Ташкентті билеген іскерлігі жайында да баяндайды	Сілтеме			
8	Қазақ Хандығы 1 Маусым	Көрнекті жазушы Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының бірінші томы – «Алмас қылыш» романының желісі бойынша түсірілген «Қазақ Хандығы» кинодилогиясы – көшпелі қазақ тайпаларының басын қосқан Қазақ Ордасының алғашқы хандары – Керей мен Жәнібек сұлтандардың билік құрған кезеңін қамтиды.	Сілтеме			
	Қазақ Хандығы 2 Маусым		Сілтеме			

9	Ұлы Дала таңы	Қасым хан тұсында Қазақ хандығы Шығыс Дешті Қыпшақтың кең байтақ жерлеріне бақылау орнатты. Қасқа жол заңын қабылдағанның арқасында қазақтар тәуелсіз этникалық қауымдастық ретінде өз аумағынан тысқары жерлерге де белгілі болды.	Сілтеме			
10	Батырлар	«Батырлар» телехикаясында қазақ халқының тарихындағы аса ірі жеңістердің бірі әрі бірегейі болған Орбұлақ шайқасы бейнеленеді. Сондай-ақ жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ жерін жаудан қорғап, халықтың ауызбірлігін сақтау үшін күрескен тарихи тұлғалар Қарасай, Ағынтай, Мерген батырлардың өмірі мен ерліктері баяндалады.	Сілтеме		Сілтеме	
11	Көшпенділер	Қазақ халқының басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді, 18 ғасырда қазақтардың мемлекетшілдік сана-сезімінің қалыптасып нығаюын баян ететін, 2005 жылғы қазақ-француз бірлесіп түсірген тарихи фильм. Фильмнің желісі Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының екінші кітабына негізделген. XVIII ғасыр. Қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысын жүргізуде. Абылай хан атанған — Мансұр талай сынақтан өткен жас жігіт. Ол нағыз халық қолбасшысының қиын жолынан өтуі керек. Ажалмен бетпе-бет келгеніне қарамастан, ол дана, абыройлы адам болып қала береді. Оның басты мақсаты – қазақ халқын осындай қиын-қыстау кезеңде біріктіру, өйткені ортақ күш-жігермен ғана жауды өз жерінен қуып шыға алады. Сонымен қатар, осындай қиын кезеңде Мансұрдың жауынгер қыз Гауһарға деген сезімі бар, бұл да оған ауыр сынаққа айналады.	Ссылка			Сілтеме немесе орысша Ссылка
12	Сардар	Тарихи драма. Фильмнің оқиға желісі XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде өрбиді. Құлжа мен Ақберді есімді екі дос бір ауылда туып, өседі. Қазақ жеріне аты тараған айбынды қазақ батыры Құлжаның әкесі Кенгерей жоңғарлардың тұтқынына түседі. Ер жетіп, бойларына күш-қуат жинаған екі дос Қангерейді тұтқыннан босатып, жоңғарлардың қол астындағы жаһан даланың тәуелсіздігі үшін күресуге бел буады.	Сілтеме			
13	Сарай сыры	Телехикая 1823-1845 жылдар аралығында Бөкей Ордасында билік құрған Жәңгір ханға қатысты тарихи оқиғаларға негізделеді.	Сілтеме	Сілтеме		
14	Құнанбай	«Құнанбай» фильмі атақты дала кемеңгері, қарадан шығып хан атанған Құнанбай Өскенбайұлының өнегелі өмірінің бір кезеңін қамтиды.	Сілтеме			Сілтеме
15	Абай	«Абай» - ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойына орай түсірілген «Qazaqstan» Ұлттық арнасының төл туындысы. Телехикая Абайдың кемеліне келген кезі мен балалық шағынан сыр шертеді. 6 бөлімді туындыда сол кезеңдегі тарихи шындық, қоғамдық-саяси жағдай, Абайдың болыс болған шағындағы қазақ өмірінде орын алған тарихи оқиғалар көркемдік сипатпен көрініс табады.	Сілтеме	Сілтеме		
16	Абай жолы	«Абай жолы» сериалы тарихи драма жанрында түсірілген. Телехикая мақсаты - Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы қарсаңында ақынның ұлт руханиятындағы орнын айшықтау және «Абай жолы» романында мықтап бейнеленген сом тұлғасын экран тіліне түсіріп, жас көрерменге таныстыру.	Сілтеме		Сілтеме	
17	Біржан сал	«Біржан сал» фильмі – әнші-композитордың өмірдегі махабаты мен ғадауатын, сал - серілік салтанаты мен байдың итаршыларынан көрген қорлығын, әншінің ішке біткен бітеу жарасын көрсеткен. XIX - ғасыр қазақ даласының көшпенділер өмірімен қоштасу ғасыры. Туған даласында мыңдаған жылдық дәстүрі қалыптасқан, табиғатпен етене араласқан ұлттың өркениеттік дәстүр ауыстыру сәті осы фильмде режиссерлік көркем шешімдер арқылы сәтті бейнеленген. Даланың азат ұлдарының қыл бұрау, темір шеңгелге бас бергісі келмей, іштей қарсыласуы, егесуі фильмде Біржан әндерінің тууының себептері ретінде суреттеледі.				Сілтеме немесе орысша Ссылка

18	Махамбет	«Махамбет» көркем фильмінің драмалық дамуы отаршыл озбырлық, әлеуметтік ортада өріс алған әділетсіздіктер, тұлғалар арасындағы қайшылықтар үдесінде хас батырлық пен ақиық ақындық тағдырдың бұлғақты, бұралаң жолын көрсетеді. Фильм сюжетіне арқау болған ұлы тұлғалар халық қолбасшысы Исатай, ақын Махамбет, және саяси қайраткер Жәңгір хан арасындағы достастықтан дұшпандыққа ұласқан қарым-қатынастың қан төгілумен бітуі де тарихи заңдылық еді. Сондай-ақ, көркем фильм сол кездегі саяси мәселелер шеңберінде қамалып қалмай, Махамбет пен Баян сұлудың шынайы да, қайғылы махаббатынан сыр шертіп, елдің салт-дәстүріне тән түрлі ғұрыптық бояуларды молынан суреттейді.	Сілтеме			
19	Кейкі мерген	«Кейкі мерген» атты тарихи драма 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтеріліс қаһармандарының бірі, ғасырға жуық жат жерде жатқан бассүйегі елге әкелініп, туған жеріне жерленген асыл ер Кейкі Көкембайұлы жайында.	Сілтеме			
20	Тар заман	«Тар заман» фильмі рулық қоғамнан Ұлттық мемлекет құрамыз деп, өз уақытынан оза шапқан тұлғаларға арналады. Оқиға желісі Алашорда үкіметін құру жолындағы ортақ мұратқа топтасқан алаш зиялыларының өмірінен құрылады. Басты кейіпкердің бірі Әлихан Бөкейхановтың тартысқа толы драмалық кезеңі суреттеледі. Оның ел үшін күрескен еңбегі, айналасына топталған тарихқа белгілі тұлғалармен байланысы, көзқарасы мен ұстанымы, махаббаты мен тағдыры көркемдік шешімдермен өріледі. Алашорда үкіметін құру жолында күрескен Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Смағұл Садуақасов сынды тұлғалардың да көркем образдары көрініс табады	Сілтеме			
21	Қармен жуылған қан	Көркем фильм. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналады.	Сілтеме			
22	Ахмет. Ұлт ұстазы	6 сериялы тарихи-драмалық телехикаяда ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының, оның ішінде Ахмет Байтұрсынұлының басынан кешкен қиын қыстау тағдыры баяндала отырып, ұлт мұраты жолында жасаған дамылсыз әркеті насихатталады.	Сілтеме	Сілтеме		
23	Мағжан. Мен жастарға сенемін!	4 бөлімді тарихи телехикаяда Алаш арысы Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы, ұлт үшін басын құрбандыққа шалған қайраткерлігі туралы баяндалады. Тарихи драмада ақынның замандастары Міржақып Дулатов пен Сәбит Мұқановтың бейнелері де бар.	Сілтеме	Сілтеме		
24	Міржақып. Оян, қазақ!	Телехикаяда Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы өмірінің 1909-1935 жылдардағы кезеңі қамтылады. Міржақыптың «Оян, қазақ!» кітабының жарыққа шығуы, «Бақытсыз Жамал» романының жазылуы, революциядан кейінгі жылдардағы, ашаршылық кезіндегі қоғамдық-саяси қызметі, Қызылорда, Семей, Мәскеудің әйгілі «Бутырка» абақтысындағы жылдары және жан жары Ғайнижамалмен махаббат хикаясы сериалда кезек баяндалады.	Сілтеме	Сілтеме		
25	Мұстафа Шоқай	Мұстафа Шоқай жарқын тарихи тұлға және Қазақ халқының адал ұлы болып келеді. Ол орта азия халықтарын біріктіріп, өз халқы еркін өмір сүретін, дамитын дәуірді армандады. Көрермен Мұстафаның эмигранттық өмірі, оның көптеген елдерде атқарған қызметі туралы білетін болады. ХХ ғасырдың алғашқы бөлігінде саяси қызмет атқарған Мұстафа Шоқай өмірі мен тағдыры туралы тарихи туынды 2008 жылдың 20 қарашасында жарыққа шықты. Фильмде елінің азаттығын аңсаған азамат Мұстафа Шоқайдың өмірі, саяси жолы, Түркістан, Кавказ, Түркия, Франция елдеріндегі эмигранттық тағдыры, айдауға түскен кезде көрген қиыншылықтары айқын көрініс тапқан.	Ссылка			Сілтеме

26	Аманат	Кенесары хан мен тарихшы Ермұхан Бекмаханов туралы тарихи әскери драма. Фильмнің басты кейіпкері - 19 ғасырдағы қазақтардың Ресей империясына қарсы күресін ұйымдастырған, қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлы. Фильмде онымен қоса Бұқарбай батыр сияқты ханның сенімді серіктерінің өмірі көрсетілген. Фильмде бірнеше оқиға параллельді көрсетіледі. Фильмді тамашалау арқылы 19 ғасырдағы Кене хан өмірін және 20 ғасырдағы Кенесары хан туралы зерттеу жүргізген Ермұхан Бекмаханов өміріне саяхат жасауға болады. Фильм Кенесары хан жайлы фильмдердің алғашқысы болмақ. Бұрында деректі фильмдер түсірілсе де, көркем фильмдер түсірілмеген еді.	Сілтеме немесе орысша			Сілтеме немесе орысша
			Ссылка			Ссылка
27	Дина. Күй күдірет	Телехикая дәулескер күйші Дина Нұрпейісованың өмірі мен шығармашылығы туралы сыр шертеді. Телехикаяның сюжет желісіне күйшінің кішкентай кезінен домбыраға құштарлығы, дала сарынынан әуен іздеуі, күй атасы Құрманғазыдан тәлім алуы арқау болды. Сондай-ақ тарихи туындыда сол кезеңдегі әйел тағдырының қыр-сыры, қоғамдағы жауапкершілігі тереңінен бейнеленеді.	Сілтеме			
28	Ұлы Дала зары	«Ұлы Дала Зары» -1920-30 жылдары ашаршылық кезінде Қазақстанның байырғы халқының үлесіне түскен, ел халқының 70% - дан астамы, 8,5 млн-ға жуық адам аштықтан қаза тапқан,, ал 1,5 млн адам өз Отанынан кетіп, басқа елдерге қашуға мәжбүр болған нақты тарихи оқиғаларға негізделген фильм. Жалпы, он жыл ішінде ашаршылық кезінде 47 млн астам кеңес халқы зардап шекті.	Сілтеме			
29	Күләш	Кеңес Одағының Халық әртісі, қазақ халқының бұлбұлы Күләш Бәйсейітова жайлы осы фильм әншінің 16 жастағы бойжеткен күнінен бастап 1957 жылға дейінгі өмірінен сыр шертеді	Сілтеме		Сілтеме	
30	Бауыржан Момышұлы	«Бауыржан Момышұлы» қазақстандық көркем фильмінің сюжеті Бек Александрдың повесіне негізделген, Кеңес Одағы Батырының өмірі туралы көркем телевизиялық фильм. Фильмде КСРО Батыры Бауыржан Момышұлының өмірі жайлы баяндалады. Ақан Сатаев қазақстандық көрермендерге Бауыржан Момышұлының шынайы тарихын баяндайды. Жас Бауыржан Момышұлы генерал Панфиловпен танысып, оның сеніміне ие болып, майданға аттанады.	Сілтеме		Сілтеме	
31	Қасым	Басты кейіпкердің прототипі Ұлы Отан соғысы кезінде Украинада соғысқан белгілі кеңес диверсаны Қасым Қайсенов болды. Бұл жолы Қасымның алдында неміс отын қоймасын жару міндеті тұрды. Бірақ Қасыммен бірге болған диверсиялық топ жау қолына түседі , енді Қасымға тек жергілікті тұрғындар ғана көмектесе алады.	Сілтеме			
32	Әлкей. Ғұлама ғұмыр	Қазақтың көрнекті ғалымы, археолог, шығыстанушы Әлкей Марғұланның өмірі мен қызметі туралы өмірбаяндық драма. Тарихи туынды төрт бөлімнен тұрады.	Сілтеме	Сілтеме		
33	Қаныш. Қазына	Телехикаяның негізгі сюжеттік желісі – геолог-ғалым, инженер, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен еңбек жолына негізделген. Телехикаяда XX ғасырдағы қазақ жұртының қилы тағдыры, арманы, мақсат-мүддесі, мемлекеттік биіктерге, соның ішінде индустрияландыру ісін шетелдерден тәуелсіз етіп, өз жерімізде қарқынды жүргізуге және кен өндірісін игеруге қарай басқан қадамдары көрсетіледі.	Сілтеме	Сілтеме		
34	Мұқағали. Бұл ғасырдан емеспін	Бұл телехикая ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай ұсынылады. Ақиық ақынның 1973 жылдан 1976 жылға дейінгі өмір кезеңіне арналған. Осы уақыт аралығындағы ақын өмірінің ең күрделі және қызықты сәттері мен фактілері ашылады.	Сілтеме	Сілтеме		

35	Тасөткел	«Тасөткел» телехикаясы өмірде болған оқиғаға негізделген. Басты кейіпкер – Ауғанстанда қалып қойған қазақ баласы Хасан. Бұралаң жол басып, балалық шағы Ауғанстанға тап келген кейіпкердің басып өткен «тасөткелі» көп. Жастайынан өмір сүрудің жолын үйреніп, жеті жұрттың тілін біліп, өнер игерген қарапайым азамат ғұмырының көп бөлігін Ыстамбұлда өткізеді. Өз еңбегімен ауқаттылар қатарына қосылады. Бірақ оның бар өкініші өзінің кім екенін білмеуі еді. Ұзақ жылдардан кейін ғана қазақтың қоңыр күйін тыңдап, жадынан өшкені қайта оралып, атажұртқа табаны тиеді. «Тағдырдың жазуымен шет жайлап, қиыр қонған қазақтың бір ұрпағы өзінің тегін ұмытуға шақ қалып, құдіретті күйдің күшімен өзін танып, атажұртты аңсап, «топырағына табаным бір тисе» деген арманымен Отанына оралып көз жұмуы арқылы Отан, егемендік ұғымын көрерменге әсерлі түрде ұғындыру», – дейді шығармашылық топ мүшелері.	Сілтеме		Сілтеме	
36	Балуан Шолақ	«Балуан Шолақ» толықметражды көркем фильмі Жазушы-драматург Дулат Исабековтің «Жаужүрек» пьесасының желісі бойынша түсірілген туынды қазақ палуаны, әнші әрі композитор Балуан Шолақтың өміріне арналған және даңқты тұлға туралы тұңғыш фильм. Кинолентада атақты палуанның жеке өмірі мен өскен ортасы, әншілігі мен сазгерлік қырынан өзге, қилы тағдыры мен туған еліне деген шексіз махаббаты көрініс табады. Көрермен оны тек алып күш иесі ғана емес, ұлт мүддесіне қызмет еткен тұлға ретінде танытын болады.	Сілтеме		Сілтеме	
37	Жерұйық	«Жерұйық» фильмі кәрістер, немістер, еврейлер, поляктар, шешендер, түріктер, күрдтер т.б. халықтардың Қазақстанға күштеп жер аударылғандығы (депортациялануы) туралы тарихи драма. Бұл фильм біздің бүгінгі отандастарымыз – депортацияға ұшыраған халықтардың өз басына түскен қиындықтар мен қасіреттерге қарамастан құшағын жайып, шынайы адамгершілік ниетпен қарсы алған қазақ халқына деген алғысы, қазақ еліне деген сүйіспеншілігі. Фильмнің оқиғасы кезінде әлемнің үлгі-моделіне ұқсаған еліміздің бір елді мекенінде өрбиді. Фильмде қилы кезеңде пайда болып кейін тереңге тамыр жайған достық пен қайырымдылық, махаббат пен бақыт, ар-ождан мен сенім сияқты рухани категориялар мен қасиеттердің қалай қалыптасқаны туралы сыр шертіледі.	Сілтеме			Сілтеме немесе орысша Ссылка
38	Қаламгер	«Қаламгер» телехикаясы. Олардың еңбегі ерен, сөздері сара, істері дара. Олар өткен ғасырдың 70-ші жылдары цензураның қыспағына қарамай, қазақтың рухани байлығын қорғады, дәріптеді. Көрерменге жол тартатын туынды Әнуар Әлімжанов, Тахауи Ахтанов, Ілияс Есенберлин, Асқар Сүлейменов сынды қазақ әдебиетінің нарқасқалары жасаған тарихи деректерге толы.	Сілтеме		Сілтеме	
39	Ән-аға	«Ән-аға» сериалы "қазақ вальсінің королі" Шәмші Қалдаяқов туралы тың деректер мен қызықты оқиғаларды баяндамақшы.	Сілтеме		Сілтеме	
40	Құстар әні	«Құстар әні» телехикаясы қазақтың біртуар дарынды тұлғасы, ұлы композитор Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылық өмірі жайлы сыр шертеді.	Сілтеме		Сілтеме	
41	Полигон	Саяси детектив жанрында түсірілген көпсериялы телехикая. Бұл телехикаяда Семей ядролық сынақ полигонының жабылуына алып келген XX ғасырдың 80-жылдарының аяғындағы оқиғаларды қамтиды. Осы кезеңде бүкіл әлемде дәуірлік оқиғалар болды. Қазақстан ядролық сынақтарды тоқтату туралы шешім қабылдады. Бұл ерекше маңызды тарихи кезең болды. Бірақ бұл шешім бір күнде болған жоқ. Фильм шытырман оқиғаға толы.	Сілтеме		Сілтеме	

42	Бұлбұл	2022 жылы 1 қаңтарда аты аңызға айналған КСРО Халық әртісі және Халық қаһарманы Роза Бағланованың туғанына 100 жыл толады. Осы орайда «Хабар» арнасы әншінің өнегелі өмірінің жарқын сәттері мен қилы кезеңдерін баяндайтын «Бұлбұл» телехикаясын көрермен назарына ұсынады. Телетуындыда бұлбұл үнді әншінің шығармашылық өмірі ғана емес, азаматтық ұстанымы бар қайраткерлік қырына да мән берілген. Роза Тәжібайқызының қиын балалық шағы, отбасылық өмірі, Ташкент тоқыма институтында оқуы және майдан даласында өнер көрсетуі телехикая барысында тізбектеле түседі. Аралға араша түсіп, полигон зардабын шегіп жатқан халықтың жанайқайын жеткізген азаматтық үні оның жай әншісі ғана емес, ел ертеңін ойлар тұлға екенін көрсетеді.	Сілтеме		Сілтеме	
43	Оралман	Фильм жазушы Қабдеш Жұмаділовтің «Соңғы көш» роман-диалогиясы негізінде түсірілген. XX-шы ғасырдың 30-шы жылдарында қызыл империяның қуғын-сүргінінен талай қазақ отбасы тарыдай шашылып, жан-жаққа шашырап кеткен еді. Фильмде қилы кезеңде Ауғанстанға қоныс аударған қандасымыздың бірі Базарбай есімді ақсақалдың өмірін бейнелеген.	Сілтеме			
44	Соңғы көш	Бұл кино қытай қазақтарының көшпелі тұрмыс тіршілігі мен өзгерістерін бейнелеген ең жаңа кино. Көркем фильм Іленің көркем табиғаты мен Алтай тауларының көркем келбетін көрсету арқылы қазақ өмірін кадрда айшықты бейнелеген.	Сілтеме			
45	Бекзат	Телехикая жасындай жарқ етіп, ерте сөнген Бекзат Саттархановтың санаулы ғұмырындағы биік жетістікке қол жеткізген рухты сәттерін өскелең ұрпаққа насихаттауды мақсат тұтады. Сидней Олимпиадасының чемпионы Бекзаттың ғұмырнамасындағы басып өткен қиын да бұралаң сәттері, қарапайым отбасында өсіп, алдына таудай мақсат қойған ерік-жігерін әсерлі етіп көрсету арқылы жастар идеал тұтатындай биік образын қалыптастыру – негізгі мақсат. Телехикаяның сюжеттік желісінде Бекзат Саттарханов өмірінің үш кезеңі қамтылады. Балалық шағы, бозбала кезеңі және өмірінің соңғы сәті.	Сілтеме		Сілтеме	Сілтеме